ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

КОНЪЮНКТУРАЛЫҚ ШОЛУ

Экономиканың нақты секторы кәсіпорындарына пікіртерім нәтижелері

2017 ж. IV тоқсан

МАЗМҰНЫ

I. Мониторинг қатысушыларының құрамының динамикасы (3-бет)

II. Композиттік индикатор (4-бет)

III. Дайын өнімге сұраныс серпіні (5-бет)

IV. Нақты сектордағы бағалардың өзгеруі (6-бет)

V. Өндіріс көлемінің өзгеруі (7-бет)

VI. Баланс құрылымы: активтер (8-бет)

VII. Баланс құрылымы: пассивтер (9-бет)

VIII. Инвестициялық белсенділік (10-бет)

IX. Қаржылық-экономикалық көрсеткіштердің өзгеруі (11-12 бет)

X. Банк жүйесінің экономиканың нақты секторына ықпалы (13-15 бет)

XI. Валюталық бағам өзгерістерінің ықпалы (16-бет)

XII. Әдіснамалық түсініктеме (17-бет)

МОНИТОРИНГ ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ

2017 жылдың үшінші тоқсанында мониторингке қатысушылардың өңірлік құрамы



2017 жылдың 4-ші тоқсанында сауалнамаға қатысушылардың саны 31 кәсіпорынға артты.

Мониторингке қатысушылардың мөлшерінің құрамы орта және шағын кәсіпорындарға шамалы өзгерген.

Мониторингке қатысушылардың салалық құрамы



Мониторингке қатысушылардың өлшем құрамы



КОМПОЗИТТІК ИНДИКАТОР*

2017 жылдың 4-тоқсанында композиттік индикатор динамикасы, нақты секторының жиынтық бағалауы болып табылады, нақты секторы көрсеткіштің оң динамикасының жалғасуы байқалуда және оған ішкі сұраныстың артуы және өндірістегі өндірудің көлемінің өсуі ықпал етеді.

2017 жылдың 4-тоқсанында дайын өнімдеріне сұраныстың өсуі өндіру және өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, көлік және тұтыну тауарлары мен қызметтерді өндіруші кәсіпорындар атап өтті.

Респонденттер дайын өнім мен шикізат бағасының баяулағанын, кәсіпорындарда өндірістің көлемінің өсуі, теңгемен берілген кредиттер бойынша сыйақы ставкаларының азаюын атап өтті. Алайда, есепті кезеңде кредиттік жағдайының салыстырмалы жақсаруына қарамастан, зерттеу нәтижелері бойынша компаниялардың көпшілігі айналым капиталын және капитал тауарларын қаржыландыруды өз есебінен жалғастыруда.

2018 жылдың 1-ші тоқсаны бойынша респонденттер экономикалық жағдайдың одан әрі жақсаруын күтуде (КИ 100,7-ды құрады), бұған дайын өнімге сұраныс деңгейі экономиканың барлық салаларында жоғары көрсеткіштер және шикізат бағасының баяулауы дәлел болып отыр.



* Композиттік индикатор іскерлік циклдің бұрылу нүктелерін анықтау үшін қолданылады, сондай-ақ экономикалық белсенділік динамикасының жағдайы мен бағыты бойынша сапалы ақпарат ұсынады. Композиттік индикатор кәсіпорындарындардың ағымдағы және күтілетін жағдайына қатысты сұралған кәсіпорындардың басшылары көзқарасының жалпылама бағалауын білдіреді жыне нақты ЖІӨ серпінінің 1-2-тоқсандағы басып болу қабілеті бар. Индикатор мен нақты ЖІӨ-ді (2005 жылдың орташа жылдық бағалары) есептеу барысында маусымдықтан тазарту және Ходрик-Прескотт әдісімен тренд жою жасалған. Салыстыру мақсатында циклдік құрауыштар стандартталған.

** 2018 жылдың 1-ші тоқсаны үшін КИ сауалнамаға қатысушы кәсіпорындардың күтімдері негізінде есептелген.

ДАЙЫН ӨНІМГЕ СҰРАНЫС СЕРПІНІ

2017 жылдың 4 тоқсанында экономика бойынша дайын өнімге сұраныстың елеулі өсуді көрсетті, диффузиялық индекс (ДИ) 49,4-дан 51,7-ге өсті. Өндірілген тауарларға сұраныс тұрақты ұлғайды (ДИ 51,1-дан 54,2-ге өсті), қызмет көрсету саласында сұраныс аздап жақсарды, бірақ теріс аймақта қалып отыр (ДИ 48,0-дан 48,6-ге өсті). Тау кен өндіру және өңдеу салаларында сұраныс ұлғайды (ДИ 53,2 және 55,2 тең, сәйкесінше).

2018 жылдың 1 тоқсанында кәсіпорындар дайын өнімге деген сұраныстың өсу қарқынының артуын күтуде (ДИ = 58,1)

Дайын өнімге сұраныс, ДИ*

		2017 ж.				2018 ж.
Кәсіпорындар жауаптары, %		1 тоқ.	2 тоқ.	3 тоқ.	4 тоқ.	1 тоқ. күт.
Ұлғаюы	1	17.4	29.1	29.1	25.4	15.0
Өзгермеуі	2	49.3	49.7	50.2	50.1	38.5
Төмендеуі	3	33.3	21.2	20.7	24.4	17.2
Диффузиялық индекс = 1жол+0,5*2жол	4	42.1	53.9	54.2	50.5	48.9
ДИ маусымдық тазартылған*	5	50.0	49.8	49.4	51.7	58.1

Дайын өнімге сұраныс, ДИ*







*ДИ-диффузиялық индекс. 50 деңгейден қанша жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің өсу (құлдырау) қарқыны сонша жоғары (төмен), 50 деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді;

** 2018 жылдың 1-ші тоқсаны үшін кәсіпорындардың күтулері келтірілген.

НАҚТЫ СЕКТОРДАҒЫ БАҒАЛАРДЫҢ ӨЗГЕРУІ

2017 жылдың 4-тоқсанында дайын өнімдердің, шикізат пен материалдардың бағасы өсе берді, сондай-ақ бұл өсім қарқыны баяулады (ДИ = 56,5 және 71,4, сәйкесінше). Екі тоқсан бойы тау-кен өнеркәсібінде дайын өнім бағасының өсуі жалғасуда, алайда өңдеу өнеркәсібінде баға өсімінің біршама баяулауы байқалды. Шикізат пен материалдар бағаларының өсу қарқыны тау-кен және өңдеу өнеркәсібінде, құрылыс саласында төмендеуі байқалады.

2018 жылдың 1-тоқсанында дайын өнімге және шикізат бағасының өсу қарқыны баяулауы күтілуде (төмендеуі 56,2-ға және 66,2-ға ,сәйкесінше).

Дайын өнім бағалары, ДИ *



Шикізат пен материалдар бағасы, ДИ*







*ДИ-диффузиялық индекс. 50 деңгейден қанша жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің өсу (құлдырау) қарқыны сонша жоғары (төмен), 50 деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді;

** 2018 жылдың 1-ші тоқсаны үшін күтулер келтірілген.

ӨНДІРІС КӨЛЕМІНІҢ ӨЗГЕРУІ

2017 жылдың 4 тоқсанында өндіріс көлемінің өсуі байқалды (ДИ = 51,1). Салалық тұрғыда өндірістің өсуі кен өндіруде (ДИ = 51,5), өңдеу (ДИ = 52,3), саудада (ДИ = 50,4) және көлікте (ДИ = 54,6) байқалды. 2018 жылдың 1 тоқсанында кәсіпорындар өндірістің төмендеуін күтілуде (ДИ = 57,6). Өткен жылдардағы динамиканы талдай отырып, бұл көрсеткіш 1-тоқсанда ең төменгі мәнге жету арқылы маусымдық сипатта екенін атап өтуге болады.

2017 жылдың 4 тоқсанында кәсіпорындардың өндірістік қуат көздерінің қосылу деңгейі шамалы төмендеді. Өндірістік қуат көздерінің қосылу деңгейі 50%-дан жоғары кәсіпорындардың үлесі 2017 жылдың 3 тоқсанында 68,9%-дан 2017 жылдың 4 тоқсанында 68,0%-ға дейін төмендеді. Тау-кен өнеркәсібінде және сауда саласында өндірістік қуат көздерінің ең үлкен өсуі байқалды.





*ДИ-диффузиялық индекс. 50 деңгейден қанша жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің өсу (құлдырау) қарқыны сонша жоғары (төмен), 50 деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді

БАЛАНС ҚҰРЫЛЫМЫ: АКТИВТЕР

2017 жылдың 4-тоқсанында экономиканың нақты секторындағы активтер құрылымында ұзақ мерзімді активтер үлесінің өсуі (64,1% -дан 65,5% -ға дейін) бойынша жағымды өзгерістер болды.

Қысқа мерзімді активтер құрылымында қысқа мерзімді дебиторлық берешек төмендеп, қорлар біршама өсті.

Активтер айналымы айтарлықтай өсті, 15,4%-ды құрап. Айналым қаражатының айналысыда айтарлықтай өсуді көрсетті 44,6%-ға дейін, ол кәсіпорындардың активтеріндегі ағымдағы активтердің үлесінің салыстырмалы тұрақтылығының фонында болды (2017 жылғы 3-тоқсанда 35,9%-дан 2017 жылғы 4-тоқсанда 34,5%-ға дейін төмендеуі)







БАЛАНС ҚҰРЫЛЫМЫ: ПАССИВТЕР

2017 жылдың 4 тоқсанында пассивтер құрылымында меншікті капиталдың үлесі 47,0%-дан 43,5%-ға дейін төмендеді. Ұзақ және қысқа мерзімді міндеттемелер 27,3%-дан 30,0%-ға және 25,7%-дан 26,5%-ға дейін сәйкесінше өсті. Мерзімі өткен міндеттемелер бойынша жағдай өзгерген жоқ: мерзімі өткен міндеттемелері бар және банктердің қарыздары бойынша мерзімі өткен міндеттемелері бар кәсіпорындар шамалы төмендеді. Сонымен қатар, баланс бойынша мерзімі кешіктірілген дебиторлық берешегі бар кәсіпорындардың үлесі төмендеуін атап өту керек.

Қысқа мерзімді міндеттемелердің құрылымында қысқа мерзімді кредиторлық берешектің үлесі өсуін (26,9%-ға дейін), ұзақ мерзімді міндеттемелердің құрылымында банктердің ұзақ мерзімді қарыздарының үлесі өскенін (52,2%-ға дейін) атап айту керек. Кәсіпорындардың міндеттемелер құрылымында банк кредиттерінің үлесі 2017 жылдың 3 тоқсанында 19,4%-дан 2017 жылдың 4 тоқсанында 22,8%-ға дейін өсті.







ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІК

2017 жылдың 4 тоқсанында кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігі сақталды. Негізгі құралдарды қаржыландыратын кәсіпорындардың үлесі (70,8%) өсті және айналым капиталын қаржыландыратын кәсіпорындардың үлесі де өсті (88,3%).

Айналым қаражатын және негізгі құрал-жабдықтарды толықтырудың негізгі көзі ретінде меншікті қаражат қалып отыр (67,9% және 83,2%, сәйкесінше). Сонымен бірге, банктердің несиелері кәсіпорындардың инвестициялық саясатында шамалы рөль атқарады. 2017 жылдың 4 тоқсанында банктік несиелерден негізгі құралдарды қаржыландырған кәсіпорындардың үлесі 5,8%, айналым капиталы - 16,4% құрды.

Сонымен қатар, кәсіпорындардың қаржыландыру мүмкіндігін шектейтін негізгі факторлары болып қаржы-қаражаттың жеткіліксіздігі (кәсіпорындардың 30,6%), өнімге сұраныстың жеткіліксіздігі (кәсіпорындардың 23,4%) және өзге кәсіпорындар тарапынан жоғары бәсекелестік (кәсіпорындардың 21,5%) болып табылады.

Негізгі құрал-жабдықтарды қаржыландыру көздері



Айналым қаражатын қаржыландыру көздері



Кәсіпорындардың қаржыландыру қабілетінің негізгі шектеуші факторлары



ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ ӨЗГЕРУІ

2017 жылдың 4 тоқсанында өндіріс тиімділігі көрсеткіштері шамалы төмендеуді көрсетті. Өндіріс пен еңбек өнімділігін төмендетпейтін кәсіпорындардың үлесі тиісінше 69,3% және 69,7%-ға дейін азайды. Сонымен қатар, қызметкерлердің санын азайтпаған кәсіпорындардың үлесі 66,8%-ға дейін өсті.

2017 жылдың 4 тоқсанында нақты сектор кәсіпорындарының ағымдағы өтімділігі және жалпы төлем қабілеттілік коэффициенті өзгеріссіз қалды, 1,3 және 1,8 сәйкесінше құрап. Төмен өтімділік көрсеткіші (АӨК<1) бар кәсіпорындар үлесі 33,9%-дан 34,6%-ға дейін өсті.

Өндіріс тиімділігінің көрсеткіштері



Кәсіпорындар өтімділігі мен төлемге қабілеттілігі



ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ ӨЗГЕРУІ

2017 жылдың 4-тоқсанында нақты сектор бойынша сатылымдардың рентабельділігі (салық салғанға дейін) 38,1%-дан 40,3%-ға дейін ұлғайды. Бұл динамика негізінен кен өндіру өнеркәсібіндегі сатудың рентабельділігінің өсуіне байланысты болды - 56,6%-дан 59,1%-ға дейін. Сонымен қатар, рентабельділікке теріс әсер өңдеу өнеркәсібінде рентабельділіктің төмендеуі әсер етті - 33,6% -дан 29,8% -ға дейінгі.

2017 жылдың 4-тоқсанында шығынды және рентабельділігі төмен кәсіпорындардың үлесі 22,3%-дан 22,9%-ға дейін өсті, сонымен қатар, рентабельділігі орташа кәсіпорындардың үлесі 40,6%-дан 41,9%-ға дейін. Рентабельділігі жоғары кәсіпорындардың үлесі 36,9%-дан 34,8%-ға дейін төмендеді.





БАНК ЖҮЙЕСІНІҢ ЭКОНОМИКАНЫҢ НАҚТЫ СЕКТОРЫНА ЫҚПАЛЫ

2017 жылдың 4-тоқсанында жалпы экономика бойынша кәсіпорындардың банктердің кредиттеріне сұранысы шамалы өсуді көрсетті.

2017 жылдың 4-тоқсанында банкке кредит алуға өтініш білдірген кәсіпорындардың үлесі 23,0% құрады, оның ішінде 85% кәсіпорындар несие алды (сауалнамаға қатысушылардың жалпы санының 19,6%-ті). Сонымен қатар, несиелендіруден бас тарту саны азайды,ол ірі, шағын және орта кәсіпорындарға да әсер етті.

2018 жылдың 1 тоқсанында қарызға деген сұраныстың төмендеуі күтілуде, бұл бірінші кезекте құрылыс саласында және өңдеу өнеркәсібінде азаюына байланысты.





** бұрын ашылған кредит желісі бойынша кезекті транш алған кәсіпорындарды ескере отырып*



БАНК ЖҮЙЕСІНІҢ ЭКОНОМИКАНЫҢ НАҚТЫ СЕКТОРЫНА ЫҚПАЛЫ

2017 жылдың 4-тоқсанында кәсіпорындар айналымдағы және негізгі құрал-жабдықтарды несиелендірудің бағалық (несиелендіру бойынша мөлшерлемелер деңгейі, қосымша комиссиялар мөлшері) және бағалық емес (несиелендірудің ең жоғарғы мөлшері мен мерзімі, қарыз алушының қаржылық жағдайына қойылатын талаптар, қамтамасыз етуге қойылатын талаптар) шарттарының теріс қалғаны байқалуда.

Теңгемен және шетел валютасымен несиелендірудің нақты пайыздық мөлшерлемесі мен кәсіпорындар үшін қолайлы пайыздық мөлшерлемелер арасындағы алшақтық өзгерген жоқ. Кәсіпорындар үшін теңгенің қолайлы несиелендіру мерзімі 29 айды, шетел валютасымен - 25 айды құрды (нақты мерзімі - 35 ай).

Несиелеу талаптарының өзгеруі

Бағалық шарттар



Бағалық емес шарттар



Несиелер бойынша мерзімдер мен мөлшерлемелер

Теңгемен несиелердің мерзімдері мен мөлшерлемелері



Шетел валютасында несиелердің мерзімдері мен мөлшерлемелері



*ДИ-диффузиялық индекс. 50 деңгейден қанша жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің өсу (құлдырау) қарқыны сонша жоғары (төмен), 50 деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді

БАНК ЖҮЙЕСІНІҢ ЭКОНОМИКАНЫҢ НАҚТЫ СЕКТОРЫНА ЫҚПАЛЫ

Кәсіпорындардың алдындағы қарыздар бойынша берешектің төмендеу аясында тұр, 2017 жылдың 4 тоқсанында кредиттік берешектің диффузиялық индексі 48,9-ден 46,6-ға дейін төмендеуді көрсетті.

Кәсіпорындардың активтері мен капиталы өсу аясында: ДИ сәйкесінше 53,5 мен 54,7.

2017 жылдың 4-тоқсанында кәсіпорындардың банктердегі депозит көлемдері жалпы экономика бойынша өзгерген жоқ (ДИ = 49,9). Ірі кәсіпорындардың депозиттерінің өсуі (ДИ = 51,1), орта және шағын кәсіпорындардың депозиттерінің бір уақытта төмендеуімен байқалады (ДИ = 49,6). Кәсіпорындар болжамы бойынша 2018 жылдың 1 тоқсанында депозит көлемдері өзгермейтіні күтілуде (ДИ=50,0).





*ДИ-диффузиялық индекс. 50 деңгейден қанша жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің өсу (құлдырау) қарқыны сонша жоғары (төмен), 50 деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді

ВАЛЮТА БАҒАМЫ ӨЗГЕРУІНІҢ ЫҚПАЛЫ

2017 жылдың 4 тоқсанында теңге бағамының шетел валюталарына қатысты өзгеруіне байланысты кәсіпорындардың экономикалық белсенділігіне теріс әсер төмендеді. Теңгенің АҚШ долларына өзгеруі теріс әсерін тигізетін кәсіпорындардың үлесі 2017 жылдың 3-ші тоқсанында 41,1% -дан 2017 жылғы 4-тоқсанда 34,9% -ға, ресей рубліне 40,2% -дан 35,2% -ға және еуроға 25,9% -дан 24,2% -ға дейін әсері төмендеді.

2017 жылдың 4 тоқсанында шетел валютасын пайдаланатын кәсіпорындардың үлесі шамалы ғана өсті. Есептеулерде АҚШ доллары мен ресей рублі негізгі валюталар болып табылады. 2017 жылдың 4 тоқсанында шетел валютасын пайдаланатын кәсіпорындар арасында юань мен еуро үлесі өсті.

USD/KZT, жауаптар %-бен



EUR/KZT, жауаптар %-бен



RUB/KZT, жауаптар %-бен



Есеп айрысуда шетел валютасын қолдану
(валюталар %-бен)



оң әсер | теріс әсер | әсері жоқ | білмеймін

ӘДІСНАМАЛЫҚ ТҮСІНІКТЕМЕ

- Кестелер мен графиктерде көрсетілген диффузиялық индекс (ДИ) оң жауаптар мен өзгеріссіз жауаптардың жартысының сомасы ретінде есептеледі. Осы индекс қаралып отырған көрсеткіштің өзгеру динамикасын сипаттайтын қорытынды индикаторы болып табылады. Егер оның мәні 50-ден жоғары болса – бұл оң өзгерісті, ал 50-ден төмен болса – теріс өзгерісті білдіреді. Бұл ретте диффузиялық индекстің мәні 50 деңгейінен қанша алыс (жоғары немесе төмен) болса, көрсеткіштің өзгеруі (ұлғаюы немесе азаюы) қарқыны сонша жоғары болады.
- Банктердің кредиттері бойынша қолайлы пайыздық мөлшерлеме көрсеткіші мониторингке қатысушы кәсіпорындар олар үшін өндірістің рентабельділігінің ағымдағы деңгейі тұрғысынан алғанда қолайлыретінде қоятын пайыздық мөлшерлемелердің орташасы ретінде есептеледі.
- Қаржылық коэффициенттердің көрсеткіштері жалпы алғанда сауалнамаға қатысқан кәсіпорындардың іріктеуі бойынша, сондай-ақ қажет болған кезде салалар бойынша есептелген орташа мәндермен, тоқсан соңындағы баланс көрсеткіштерінің күтілетін мәндерінің кәсіпорындардан алынған бағалаулары негізінде көрсетілген. Бұл ретте осы бағалаулардың, сондай-ақ олардың ішінде орташа есептелетін бағалаулардың олардың мәндерінің абсолюттік дәлдігін алу мақсаты болмайды (өйткені есептік болып табылмайды), ал экономиканың және оның салаларының қаржылық емес секторының жай-күйінің өзгеру үрдістерінің бағалаулары мен талдауын жедел алуға арналған.
- Композиттік индикатордың (КИ) нақты ЖІӨ серпінінің 1-2-тоқсандағы басып болу қабілеті бар*. КИ-дің және ЖІӨ-нің уақыт қатарлары (2005 жылғы бағалармен) маусымдылықтан тазартылған және үрдісі жоқ, яғни экономикалық конъюнктураның қысқа мерзімді ауытқуларымен негізделген циклдік құрауыштар ғана кіреді. Салыстыру мақсатында циклдік құрауыштар стандартталған, яғни бір (өлшемсіз) өлшем бірлігіне келтірілген.

КИ жалпы ЭНС бойынша қысқа мерзімді даму үрдістерін көрсетуге арналған. Бұл ретте оның мынадай қасиеті бар: 1) басым сипаты бар; 2) ЭНС дамуының циклдік сипаттамасын көрсетеді; 3) жедел қалыптастырылады, себебі кәсіпорындарға жүргізілген жедел сауалнама негізінде құрылған.

Кәсіпорындарға жүргізілген сауалнамалар бойынша қалыптастырылған индикаторлардың ішінде КИ құрауыштары ретінде мынадай басым индикаторлар кірді:

1) Экономиканың салаларында дайын өнімге сұраныстың өзгеруінің ДИ-і
2) бағалар өзгерісін көрсететін индикаторлар тобы:
- бүкіл нақты сектор бойынша бағалар өзгерісінің ДИ-і,
- шикізат пен материалдар бағаларының өзгерісінің ДИ-і; -
3) инвестициялық және кредиттік белсенділіктіің өзгерісін көрсететін индикаторлар тобы:
- негізгі құрал-жабдықтарды қаржыландыру үшін кредит алған кәсіпорындардың үлесі (мемлекеттік бағдарламаларды қоса алғанда),
- меншікті қаражат пен банктердің несиелерінен бөлек негізгі құрал-жабдықтар мен айналмалы қаражатты қаржыландыру үшін басқа көздерді пайдаланған кәсіпорындардың үлесі;
- кредит алған кәсіпорындардың үлесі,
- кредит алуға ниет білдірген кәсіпорындардың үлесі,
- теңгедегі және шетел валютасындағы кредиттер бойынша нақты пайыздық мөлшерлемелердің деңгейі;
4) жұмыспен қамту деңгейінің индикаторы: қызметкерлерінің саны төмендемеген кәсіпорындардың үлесі;
5) кәсіпорындардың қызметіне теңгенің валюталық бағамының өзгерістері (АҚШ долларына, еуро және ресей рубліне) әсер ететін индикатор.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
Зерттеулер және статистика
департаменті